

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.5. - Б.155-157

## **КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ СТУДЕНТТЕРІНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКА ПӘНІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Қазанған М.Т.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы халыққа жолдауында «Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады. Біз жоғары оқу орындары, инновациялық технологиялар паркі базасында өзіміздің ғылыми және инновациялық әлеуетімізді дамытуымыз керек» - деп міндеттер жүктегені белгілі [1].

Осыған орай заман талабына сәйкес белгілі бір мамандықтар бойынша оның ішінде кәсіби мамандарды даярлау мәселесі әр кезеңде де өзінің өзектілігін жоғалтқан емес. Атаулы мақала көлемінде бүгінгі Қазақстандағы ғылыммен техниканың қарқынды дамуы жағдайында, техниканың кешенді жетістіктерінің бірі компьютерлік техника мүмкіншіліктерін көркем білім беру жүйесінің мамандарын дайындау барысында пайдалану мәселесін тілге тиек етпекшіміз.

Бұл күндері ел азаматтары, заман ағымындағы жаңа ақпараттық технологиялық құралдар мүмкіндіктерінің қарқынды дамуының куәсі болуда. Осы орайда Президент Н.Ә.Назарбаев «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі - тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматын әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтеру. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиіспіз» деп білім беру саласының нақты міндетін айқындап берген болатын [2, 17]. Бұл жағдайда жасалған ұсыныстың бірден бір сәтті шешімі компьютерлік құндылықтарға тікелей байланысты болмақ. Олай болатын болса білім беру жүйесін қарқынды компьютерлендіру заман талабы деп ұққан жөн. Бұл мәселеге ел президенті де «XXI ғасырда өмір сүрген әрбір азамат жаңа ақпараттық технология мүмкіндіктерін толық меңгерген, компьютерлік сауатты болуы керек» деген болатын. Сондықтан да, жоғары білім беру ұйымдарын қарқынды компьютерлендіру мәселесі бірінші орынға қойылып, қазіргі кезде жоғары оқу орындары студенттерінің «компьютерлік графика» пәндерінде сауаттары ашылып, кейбір отбасыларында «Дербес компьютерлер» де пайда бола бастады. Бұл дегеніңіз әрбір жанұя мүшесі компьютермен жұмыс істеуді үйренді, яғни кез-келген студенттің компьютерлік ақпараттар пәнін меңгере

отырып теориялық біліммен бірге тәжірибелік дағдыны да қалыптастыруларына зор мүмкіндіктер туа бастады деген сөз.

Оқырмандар назарына ұсынылып отырған мақалада көркем білім беру жүйесінің студенттеріне компьютерлік графика пәнінің ерекшелігі мәселесіне баса көңіл қойсақ дейміз.

«Компьютерлік графика» пәні бойынша базалық білім мазмұнына көз жүгіртер болсақ онда «компьютерлік графика» пәні 1 курстың екінші жарты жылдық оқу жылында студенттер бағдарламамен танысып, оқып, жұмыс істей бастаған соң, тәжірибеленеді. Біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны ретінде яғни, «Сәулеттік дизайнға» бейімделер тұсында оларға «Дизайн» мамандығының студенттерін компьютерлік графикадан сабақ беретін кәсіби маман даярлау мәселесі қарастырылады. Студенттердің дизайн негізгі сатыда және «компьютерлік графика» пәнінен алған білімдерінің байланысы негізінде студенттердің ерекшелігі үшін негізгі графикалық ұғымдарды және анықтамаларды, компьютерлік графиканың техникасын меңгеру ұйымдастырылады. Компьютерлік графиканы оқытуды зерттеудің қажеттілігі, әсіресе бүгінгі жетілген жағдайда мемлекеттік тілдегі ортаға арналған көркем білім беру мамандықтарын оқыту жөнінде ғылыми-негізделген ілімнің және берілген пәннің оқыту әдістемесінің болмауы атаулы жағдайды көкейкесті мәселе ретінде таңдауымызға себепші болды. Бұдан басқа да, зерттеудің көкейкестілігі мен мақсаттылығын оқу үрдісінде сонымен қатар өнерде де айқындалып, бірден-бір негізгі болып табылатын елестетуге пара-пар ұйымдастыру мәселелерін, уақыт шектелуіне және оның шамадан тыс ақпараттылығына байланысты оқу материалдарын жүйелеуді айтарлықтай мөлшерде сәтті шешуде компьютерлік графика мүмкіншілік жасайды.

Компьютерлік графика пәнінде Corel Draw графикалық редакторында жұмыс істеу жеңілге түседі. Бұл бағдарлама компьютерлік графика құрудың және графикалық кескіндерді редакциялаудың ең қолайлы және қуатты құралы болып табылады. Берілген бағдарламаны баспа басылымдарын, жарнаманы, құжаттарды хаттарды тағы да басқа безендіру жұмыстары үшін және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру әліппесін үйренуге өте қолайлы. Ең қарапайым графикалық редакторлар сурет салуға әр түрлі бояуларды пайдаланып, қалыңдығы мен түсін әртүрлі сызықтарды сызуға, суретке мәтін енгізуге мүмкіндік береді. Бұдан күрделірек графикалық редакторлар арнайы тиімділіктерді: көлем, көлеңке жасауды, суреттің бір бөлігін үлкейтуді, түстерді өңдеуді және түзетуді, бір кескіннен екіншісіне біртіндеп өтуді, тағы да басқа міндеттерді орындауға, сурет салу бағдарламасы әр түрлі графикалық кескіндерді салуға, редакциялауға мүмкіндік береді. Corel Draw бағдарламасының көмегімен студенттердің білім деңгейлері қарапайым суреттен бастап, күрделі графикалық шығармашылық туындылар жасауға дейін көтеріледі.

Мақсат: Corel Draw графикалық редактор аспаптарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, салынған суреттерден шығармашылық ізденістерін ұйымдастырудың негізгі мүмкіндігін ашу.

Міндеттер:

- Corel Draw графикалық редакторының мүмкіндіктерін пайдалана отырып шығармашылық ізденістерін қарастыру;

Графикалық редактор - графикалық бейнелерді суреттер салуға және оларды өңдеуге арналған арнайы бағыттағы бағдарлама. Қазіргі кезде нүктелік немесе растрлық және векторлық деп аталатын графиктік редакторлардың екі түрі белгілі.

Нүктелік графикалық редакторларда кез келген сурет пиксельдер деп аталатын нүктелерден тұратын кішкене бейнелер мозайка арқылы салынады, ал нүктелердің әрқайсысын түрлі түсті бояуларға бояуға болады.

Корел дроу - бағдарламасы қарапайым нүктелік графикалық редактор. Корел дроу өзінің мүмкіндіктері жағынан кәсіби графикалық редакторлардың бірі болып саналады. Сөйте тұра, ол едәуір күрделі әрі тартымды, түрлі түсті және ақ-қара суреттер, схемалар, сызбалар салуға мүмкіндік береді. Бұл редакторды игеру онша қиын емес, оның құрал-саймандар құрамында сурет салу, сызу және оларды өңдеуге арналған стандартты қарапайым құрал-жабдықтар бар, ол дайындалған бейнелер файлдардың кең тараған графиктік форматында сақталады.

Кез келген құралды таңдау үшін соның бейнесіне тышқан жүгіртпесін жүргізіп, оның батырмасын сырт еткізсе жеткілікті. Осыдан кейін таңдап алынған құралдың бейнесі айқын түске боялып тұрады.

Құралдар панелінің сол жағында сызықтар қалыңдығын анықтайтын терезе орналасқан. Сызықтар қалыңдығын таңдап алған соң, соның көмегімен түзу сызықты, доғаларды, тіктөртбұрыштар мен эллипс контурларын салуға болады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жыл
2. Viktor Pukhkal, 2014.
3. Eksperimentalnaocenaparametaratoplotnogfluksagrejnihetela [Experimental Estimate of the Heat Flow Parameters of Heating Appliances]. Volume 12, Issue 1, 2014
4. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2007 ж. 17 б.